

САПА САЛАСЫНЫҢ МАҚСАТТАРЫ

ЦЕЛИ В ОБЛАСТИ КАЧЕСТВА

30 августа 2023 г
күні

№ ЦОК-03-23

Алматы қ.

г. Алматы

Қауіпсіздік бөлімінің 2023-2024 оқу жылдарына Сапа саласындағы мақсаттары

Қауіпсіздік бөлімі (бұдан әрі - Бөлім) Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі - Консерватория) құрылымдық бөлімшесі болып табылады. 2022-2023 оқу жылына арналған сапа саласындағы мақсаттары Консерватория нысандарын ұрлықтан, тонаудан және басқа да қылмыстық қол сұғушылықтардан сенімді қорғауды қамтамасыз ету болып табылады.

Бөлім консерватория нысандарының қауіпсіздігі жөніндегі іс-шараларға басшылықты жүзеге асырады. Сонымен қатар, қатаң бақылау-өткізу режимін сақтауды қамтамасыз етеді.

Бөлім өз жұмысында:

- 1) сыртқы нормативтік құжаттамамен, қызмет сапасының менеджменті, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі саласындағы ISO (International Organization for Standardization) халықаралық стандарттарымен және Консерваторияда енгізілген басқа да жүйелерді; тұтастай алғанда Консерваторияның қызметін регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттарды басшылыққа ала отырып, жұмыс атқарады.

Бөлімге басшылықты Бөлім басшысы жүзеге асырады.

Бөлім басшысының лауазымдық міндеттері осы ережемен және лауазымдық нұсқаулықтармен айқындалады.

Бөлімнің құрылымына басшы, аға инспектор және инспектор кіреді, олардың лауазымдық міндеттері осы ережемен және лауазымдық нұсқаулықтармен айқындалады.

2. Функциялары

1. Белгіленген өткізу режимінің сақталуын кейіннен бақылаумен ұйымдастыру және қамтамасыз ету.
2. Ұйымдастырушылық және құқықтық реттеу мәселелері бойынша жұмыстардың орындалуын бақылау.
3. Қауіпсіздік мәселелерін қозғайтын негіз қалаушы құжаттарды дайындауға қатысу.
4. Кез келген тәртіп бұзушылық фактісі анықталған кезде қызметтік тергеу жүргізуді ұйымдастыру және бақылау.
5. Қызметтік нысандарға физикалық, техникалық рұқсатсыз кіруге қарсы іс-қимыл;
6. Қауіпсіздік мәселелері жөніндегі қызметті ақпараттық қамтамасыз ету;
7. Қауіпсіздік қызметінің мемлекеттік құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимылы және үйлестірілуі;
8. Мекеме басшылары мен қызметкерлерінің физикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
9. Ұжымның қылмыстық өткені бар адамдардың кіруінен, қолайлы психологиялық ахуалдың бұзылуынан қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
10. Коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізуді болдырмау;
11. Мекеменің материалдық құндылықтары мен қаржы қаражатының сақталуын қамтамасыз ету;
12. Мекеменің имиджіне ықпал залал келтіруді болдырмау;

3. Терроризмге қарсы іс-шаралар:

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар комитетінің Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің ұсынымдарына сәйкес және «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының 13-3 баптарына сәйкес, мекемені (нысанды) терроризмге қарсы қорғауды қамтамасыз ету мақсатында, консерваторияның ғимараты мен нысандарында жалпы қол жететін орындар мен холлдарда күдікті зат табылған кезде, қауіп төнген кезде және террористік акт кезінде өзін қалай ұстау керектігі жөнінде әзірленген көрнекі құралдар (жадынамалар) орналастырылған.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 28.08.2013ж. №876, 1217 Қаулыла-рына сәйкес және біздің нысан (консерватория) террористік тұрғыдан осал болып табылатынын ескеріле келе, Төтенше жағдайлар жөніндегі комитеттің органдарымен, мамандандырылған оқу орталықтарымен, құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл жасай отырып, терроризмге қарсы қорғалу өлшемдерін қолданыстағы талаптарға келтіру жөнінде шаралар қабылданды.

Сондай-ақ, нысанға бөгде адамдардың өтуін шектеу үшін терроризмге қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз ету шеңберінде қолжетімділікті бақылау және басқару жүйелері (турникеттер) жақсартылды.

Мамандандырылған оқу орталықтарымен, құқық қорғау органдарымен, Төтенше жағдайлар жөніндегі Комитеттің органдарымен өзара іс-қимыл жасай отырып, терроризмге қарсы оқу-жаттығуларды және персоналдың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша терроризмге қарсы қорғауды өткізуге бастамашылық етуге қатысты семинарлар, ЖОО-ның штаттан тыс жағдайларға дайындығын тексеру бойынша терроризмге қарсы оқу-жаттығулар, сондай-ақ күштік құрылымдармен өзара іс-қимылдың тиімділігі және терроризмге қарсы қорғаудың тиімділігі жоспарланған.

Консерватория нысандарын, сонымен қатар қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығын сенімді қорғау үшін одан әрі қызмет көрсету мақсатында төменде мекен-жайы көрсетілген ғимараттарда 4 дана көлемінде шұғыл шақыру сигналын беретін және жедел ден қою тобының (бұдан әрі ЖДТ) қашықтықтан басқарылатын дабыл сигнализациясы түймесі (бұдан әрі ДСТ) орнатылды:

«Б» корпусы, Үлкен орган залы - Абылай хан көшесі 86;

«А» корпусы - Абылай хан көшесі 90;

Жатақхана - Абай көшесі 56

Дабыл сигнализациясы түймесі - бұл хабарламаларды сымсыз беру арқылы объектілерді жеке қорғауды, күзетуді және қашықтықтан басқаруды ұйымдастыру.

Тәрбие және әлеуметтік
жұмыстар жөніндегі проректор

Қауіпсіздік бөлімінің
басшысы






М.Ешмұханов

К.Балғалиев